

Мақала

FTAMP 16.21.37

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-150-161>**А.Ж. Аманбаева¹**, **Н.С. Уртегешев²**

¹автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aaisaule@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімінің Филология институты, Ресей, Новосибирск қ., e-mail: urtegeshev@mail.ru

АУЫЗША ПОЭТИКАЛЫҚ ІШКОРПУС: ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Андатпа. Мақалада ауызша ішкорпус базасына енген поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшелігін көрсету туралы сөз болады. Қазіргі таңда корпус базасына қазіргі қазақ ақындарының өлеңдері мен поэмалары жинақталып, оның просодикалық ерекшелігі көрсетіліп отыр. Сонымен қатар әрбір ақынның өлеңі мен поэмасына метабелгіленім жасалды. Бұл поэтикалық ішкорпустың ерекшелігі – жұртшылыққа қазақ ақындарының шығармаларын таныту және оның просодикалық ерекшелігін көрсету. Ол үшін әрбір ішкорпус базасына енген өлеңдер бунаққа бөлініп, оның просодикалық жағынан әуенінің ерекшелігі көрсетілді. Сондай-ақ орфоэпиясы да беріліп отыр.

Бұл поэтикалық ішкорпус базасы поэтикалық мәтіндер туралы ақпарат алуға және поэтикалық мәтіндердің интонациялық ерекшелігін зерттейтін магистранттар, докторанттарға жалпы ғылыми жұмыс жасайтын ізденушілерге арналған көмекші құрал. Қазіргі таңда орыс, чех (<http://www.versologie.cz/en/kcv.html>), башқұрт (<http://web-corpora.net/bashcorpus/search/>) поэтикалық ішкорпустары істеп тұр. Поэтикалық ішкорпус базасын бір жағынан электронды кітапхана деп айтуымызға да болады. Өйткені қай ақынның болмасын барлық өлеңдерін сол базадан алып, пайдалануға болады. Бұл поэтикалық ішкорпус базасы толыққан сайын әр ақынның өлеңдері көпшілікке қолжетімді болады. Яғни корпус базасы шексіз, ол жылдар өткен сайын толығы түседі.

Тірек сөздер: поэтика, поэтикалық дискурс, корпустық лингвистика, просодика, интонама, дыбыс.

А.Ж. Аманбаева¹, **Н.С. Уртегешев²**

¹автор-корреспондент, кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aaisaule@mail.ru

²доктор филологических наук, Институт филологии Сибирского отделения Российской академии наук, Россия, г. Новосибирск, e-mail: urtegeshev@mail.ru

УСТНЫЙ ПОЭТИЧЕСКИЙ ПОДКОРПУС: ПРОСОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Аннотация. В статье обсуждается демонстрация просодических особенностей поэтического дискурса, введенного в базу устного подкорпуса. В настоящее время в базе корпуса собраны стихотворения и поэмы современных казахских поэтов, показаны их просодические особенности. Также стихотворениям и поэмам каждого поэта присвоена метаразметка. Особенность этого поэтического подкорпуса – знакомство с произведениями казахских поэтов и демонстрация их просодических особенностей. С этой целью каждое произведение, вносимое в базу корпуса, было разделено на стопы, и были показаны просодические характеристики мелодики. Также включена и орфоэпия.

Данная база поэтического подкорпуса представляет собой вспомогательное средство, которое предоставляет информацию о поэтических текстах и предназначена для магистрантов, докторантов и научных работников, исследующих интонационные особенности поэтических текстов. В настоящее время работают поэтические подкорпусы русского, чешского (<http://www.versologie.cz/en/kcv.html>) и башкирского (<http://web-corpora.net/bashcorpus/search/>) языков. Базу поэтического корпуса можно назвать и электронной библиотекой, поскольку стихотворения любого поэта могут быть получены из этой базы и использованы. По мере пополнения базы поэтического подкорпуса стихотворения каждого поэта станут доступны пользователям. Таким образом, корпусная база бесконечна и будет пополняться каждый год.

Ключевые слова: поэтика, поэтический дискурс, корпусная лингвистика, просодика, интонама, звук.

A. Amanbayeva¹, N. Urtegeshev²

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly
Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aaisaule@mail.ru

²Doctor of Philology, Institute of Philology of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences,
Russia, Novosibirsk, e-mail: urtegeshev@mail.ru

ORAL POETIC SUBCORPUS: PROSODIC FEATURES OF POETIC DISCOURSE

Abstract. The article discusses the demonstration of prosodic features of poetic discourse introduced into the oral subcorpus database. Currently, the corpus database contains poems and epic poems of contemporary Kazakh poets, showcasing their prosodic features. Additionally, each poet's poems and epic poems are assigned meta-tags. The peculiarity of this poetic subcorpus is the introduction of the public to the works of Kazakh poets and the demonstration of their prosodic features. For this purpose, each work entered into the corpus database was divided into poetic feet, and the prosodic characteristics of melody were demonstrated. Orthoepy is also provided.

This poetic subcorpus database serves as an auxiliary tool, providing information on poetic texts and intended for master's students, doctoral candidates, and researchers exploring the intonational features of poetic texts. Currently, poetic subcorpora of Russian, Czech (<http://www.versologie.cz/en/kcv.html>), and Bashkir (<http://web-corpora.net/bashcorpus/search/>) languages are in operation. The poetic corpus database can also be referred to as an electronic library since poems by any poet can be obtained from this database and used. As the poetic subcorpus database is replenished, poems of each poet will be made available to the public. Thus, the corpus database is infinite and will be replenished annually.

Keywords: poetics, poetic discourse, corpus linguistics, prosody, intoneme, sound.

Кіріспе

Қазіргі қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика саласы жан-жақты дамып келеді. Өйткені қазіргі компьютерлік технологияның дамуымен байланысты тілдің де ауқымы кеңейіп, адамзатты тез арада ақпараттандыруға, тілдің табиғатын ашып беретін ақылды база жасауға зерттеулер негіз болады. Осының бірі ретінде поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшелігін корпустық лингвистика тұрғысынан зерттеп, корпус базасына енгізу қажеттіліктен туындап отыр. Осы орайда поэтикалық ішкорпус дегеніміз не?

Поэтикалық ішкорпус – бұл поэтикалық мәтіндердің электронды жинағы. Поэтикалық ішкорпустың басқа корпус базасынан ерекшелігі – ақындардың өлеңдері корпус базасына енгізіледі және әрбір қолданушы сол базадан бүкіл ақынның өлеңдерін тауып, олардың өлеңдерінің ерекшелігін салыстырып, зерттеу жұмысына қолдана алады. Поэтикалық ішкорпус базасында ақын өлеңдерінің формальды көрсеткіштері, яғни метабелгіленімі көрсетіліп, поэтикаға тән тармақ, бунақ, шумақтары анықталып беріледі.

Поэтикалық ішкорпус жасау идеясын алғаш рет 2000 жылдары В.А. Плунгян мен Д.В. Сичинава орыс тілінің ұлттық корпусының ішінен құрады. Бұл әлемдегі алғашқы ішкорпус болып саналады. Онда тек поэтикалық мәтіндердің жинағы ғана емес, онда өлеңдердің метабелгіленімі мен өлеңнің қай ұйқасқа құрылғаны туралы және рифма бойынша іздеу мүмкіндігі берілген. 2012 жылдан бастап басқа да тілдердің поэтикалық ішкорпусы пайда болды. Оған мысалы, Башқұрт және Чех поэтикалық ішкорпустарын жатқызуға болады. Сол кездері Чехияда танымал лингвист Petr Plecháč өлең ырғағын (рифма) анықтаудың әдісін ойлап табады. Осы әдісті чех, ағылшын, орыс, неміс тілдеріндегі өлеңдерге қолдануға болатындығы анықталады. Парсы поэтикалық ішкорпусын Б. Орехов дайындап, IX-XVII ғасырдағы парсы поэзиясының 4,3 млн. сөзқолданыстан тұратын мәтіндерін жинап, оған морфологиялық белгіленім жасалған (Орехов, 2019: 28). Поэтикалық ішкорпус не үшін қажет дейтін болсақ, ол белгілі бір кезеңдегі ұлттық поэзия мен тіл туралы ақпаратты қамтитын мәдени құндылық пен маңызды дереккөз болып табылады. Осындай корпус базасын жасауға әртүрлі мамандар, яғни лингвистер, ақындар, бағдарламашылар қатысады, үлкен ғылыми институттар қолдау көрсетеді. Корпус базасына енгізілген танымал ақындардың өлеңдері мен поэмаларын қолданушы пайдаланып, әрі қарайғы өзінің шығармашылығына, зерттеу жұмысына негіз етеді де, поэтикалық дискурс орнайды.

Қазіргі тіл білімінде дискурс мәселесі жан-жақты қарастырылып, оның түрлері анықталып

әр қырынан зерттеліп келеді. Дискурс ұғымы ХХ ғасырдың 70 жылдарынан бастап философияда қолданыла бастады. Тұңғыш рет «дискурс» ұғымын Ю. Хабермас «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» деп аталатын еңбегінде қолданып, әрі қарай ол: В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, Н.В. Васильева, Н.Д. Арутюнова, Е.А. Гончарова, Ю.Н. Караулов, М.Л. Макаров, Н.М. Уэли, К.Қ. Садирова, Г.Г. Бүркітбаева, А.М. Жұмағұлова, А. Жалалова т.б. зерттеулерінде жан-жақты ашылды.

Поэтикалық дискурс – бұл ақындардың өлеңдері мен оқырман арасында туындайтын коммуникативтік қатынас. Яғни поэзияда ақын мен оқырман арасында байланыс орнап, оқырманның рухани дүниесі байып, поэзия оның ішкі көңіл-күйіне әсер етіп, ерекше сезімге бөлейді. Жалпы поэзия ол адам бойындағы сезімді қозғайтын, ерекше әсерге бөлейтін, өмір жайындағы түсінікті кеңейтетін ерекше жанр. Поэзия жанры өмірдегі болып жатқан жағдайларға байланысты әртүрлі тақырыпта өрбіп, адамның сезіміне әсер етеді. Әрбір өлеңнің тақырыбы да, сюжеті ақынның ішкі көңіл-күйіне және шабытына байланысты әртүрлі болады. Ақын өлеңдері адамның рухани дүниесін байытып қана қоймай оқушының қиялына, эмоциясына әсер етіп, өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Яғни ақын өлеңдерін оқып, оларды бойына сіңірген адам мен ақын арасында дискурс орнап, оқырманның рухани дүниесі байиды. Осы жайында Г. Смағұлова: «Поэзияда жеке тақырыптағы ритмикалық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқушының қиялына, эмоциясына санасына әсер ету» көзделетінін баса айтады (Смағұлова, 2007: 42)

Қайсыбір ақынның өлеңін алсаңыз да сол заманның өмір шындығын, әртүрлі оқиғаларды тақырыпқа арқау етіп, оқырманға әсер етуге және таным-түсінігін, көзқарасын өзгеруге тырысатындығы байқалады. Яғни, ақынның әрбір өлеңінде өмір шындығы мен өмірге деген өзіндік көзқарасы анық көрініп тұрады. Осы жайында А. Локиев: «Поэтические образы следует рассматривать не с позиции знаковой информации, а с позиции их работы с читательским восприятием, изменения его мировоззрения и выработки нового миропонимания» деген ой айтады (Локиев, 2011: 12).

Көркем әдебиетке тән поэзия жанрын прозамен салыстыратын болсақ, поэтикалық мәтіндердің өзіндік стилі, әрбір өлеңге тән буын, бунақ, тармақ, шумаққа бөлінуі және өзіне тән ұйқас көрініс табады. Ұйқастың түрлері әр ақын өлеңінде әртүрлі болады. Қазіргі таңда ұйқас жайында С. Негимов, Р. Сыздық, М. Дүйсенов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, З. Ахметов т.б. сынды ғаламдар жан-жақты талдау жасайды. Әрине әр өлеңнің ерекшелігіне қарай талдайтын болсақ, ұйқастың да түрлері көп. Алайда өлеңнің ұйқасының бір жүйесі берілу керек. Осы орайда көбінесе Қ. Жұмалиев ұсынған қазақ өлеңдерінің ұйқас түрлері басшылыққа алынады. Олар: кара өлең ұйқасы (а а а б), шұбартпалы ұйқас (а а а а), ерікті ұйқас (а б в г б), егіз ұйқас (а а б б), шалыс ұйқас (а б а б), кезекті ұйқас (а б в б), аралас ұйқас (а а б в б в б б б), осы күнгі ерікті ұйқас (а б а б в г д) (Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З., 2013: 120). Осы ұйқас түрлері поэзияда кеңірек қолданыс тапқан.

Әрбір ақынның өзіндік стилі, өзіндік сөз қолданысы болады. Қайсыбір өлеңді оқысақ та, оның стиліне, сөз иірімдеріне, интонациясына қарап, қай ақынның өлеңі екенін аңғарамыз. Өйткені әр ақынның өлеңінде өзіндік ерекшелік байқалады. Сондай-ақ, әрбір өлең жолдары интонациялық жағынан өз сазымен мәнерлі түрде оқылғанда, ақын мен оқырман арасында дискурс орнайды. Яғни шығарманы оқып қана қоймай бойына сіңіру қажет. Әсіресе өлеңді жай ғана оқи салу мен мәнерлі етіп жеткізілудің арасында өзіндік айырмашылық бар. Яғни жәй ғана оқылған өлеңнің әсері адамға байқалмайтын болса, ал өзіндік сазымен мәнерлі етіп оқылған өлеңнің тыңдаушыға тигізер әсері ерекше көрініс тауып, мән-мағынасы ашыла түседі.

Жалпы өлеңнің өзіне тән сазы болатынын алғаш рет А. Байтұрсынұлы айтқан. Тұңғыш рет А. Байтұрсынұлы еңбегінде өлеңнің құрылысы, яғни өлеңнің түрленіп, бірнеше шумақтан тұратындығы, шумақтың өзі тармақтан, тармақ бунақтан, ал бунақ буыннан тұратындығы жан-жақты талданып берілген. Яғни сол кездің өзінде А. Байтұрсынұлы өлеңнің өзіне тән интонациясын «кілемге басына түсетін өрнек сияқты» деп беріп, бір-біріне үйлесіп келіп отыратындығын жан-жақты ашады (Байтұрсынұлы, 1989: 141).

Поэзия жанрына тән өзіндік ұйқас түрлері мен бунағы өлеңнің интонациялық жағынан ерекшелігін көрсетіп қана қоймай, оқырманын ерекше сезімге бөлейді. Ол үшін әрбір өлеңді

оқығанда оның дикциясына, яғни оқу шеберлігіне көп мән беру қажет. Яғни өлеңді оқығанда белгілі бір әуенмен, тиісті жерінде ырғағына мән беріп, кей жерінде баяулатып, кей жерінде қарқынды оқып, сөздің бояуын құбылтып оқу арқылы оқырманына әсер етеді. Әсіресе өлеңдерде логикалық және психологиялық кідірістердің ықпалы ерекше. Академик З.М. Базарбаева поэтикалық мәтіннің интонациялық ерекшелігін анықтап, «ырғағы буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі» бар қазақ поэзиясындағы ритмикалық топтардың түзілуінің заңдылығы – ең алдымен қазақ тілінің жалғамалы тіл екендігінде, яғни сөздердің бір-бірімен жалғасып, жымдасып тұруында, ал екіншіден үндестік заңына негізделуінде, үшіншіден, белгілі бір сөздердің ырғағының қайталанып тұруында, дейді (Базарбаева, 2008: 73).

Жалпы поэтикалық шығармалардағы интонация ерекшелігін Ю.В. Казарин: «Поэтикалық графика өзінің белгілеушілік қызметімен байланысты фонетикалық функцияға және де әуенді функцияға ие. Яғни поэтикалық графикаға негізделі отырып авторлық интонацияны, дыбыстық үйлесімді, әуенділікті, ырғақтық суретті анықтай аламыз. Дикцияның аллитерацияға байланыстылығы бар, бірақ бұл байланыс қатысты түрде. Дикция – үстеме тілдік құбылыс, соның арқасында мәнерлеп оқу, айту, әуенге салу мүмкіндіктері ашыла түседі» – деп поэтикалық шығармалардағы интонацияның орны мен дикцияның ерекшелігін ашып береді (Казарин, 2004: 22). Яғни поэтикалық дискурс туындау үшін интонацияның, яғни сөз сазының мәні зор. Біз оны қазіргі классикалық үлгідегі таңдаулы ақындардың шығармаларынан байқаймыз.

Материал және әдістер

Мақалада поэтикалық дискурстың ерекшелігін көрсету және оны корпустың базасына енгізу мақсатында эксперименттік тұрғыдан электроакустикалық талдау әдістері қолданылып, қазақтың классик ақындары І. Жансүгіров пен М. Шахановтың поэтикалық мәтіндері алынып, олардың өлеңдерінің просодикалық ерекшелігін анықтау мақсатында фонетикалық-просодикалық талдау жүргізілді. Электроакустикалық талдау әдісі – ақындардың өлеңдерінің просодикалық ерекшелігін анықтау мақсатында қолданылып отыр. Бұл мақалада біз поэтикалық дискурсты акустикалық тұрғыдан талдап, деректерін көрсетеміз. Поэтикалық дискурстың просодикасын зерттеу үшін Praat компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, дикторлардың оқыған мәтініне акустикалық талдау әдісін қолдану қажет болды. Материалды акустикалық тұрғыдан талдау кезінде келесі параметрлер ескерілді: әуені (негізгі тон жиілігі), үдемелігі, қарқыны, кідіріс, тоналды диапазоны.

Экспериментті зерттеу барысында акустикалық параметрлерінің өлшем бірліктері төмендегідей:

- негізгі тон жиілігі (НТЖ) – герц (Гц)
- үдемелік – децибелл (дб)
- уақыт – миллисекунд (мск)
- тоналды диапазон белгісі жартылай тон – (жт)

Зерттеуде *негізгі тон жиілігі* (НТЖ) параметрі бойынша қозғалыс бағытының ең жоғарғы және ең төменгі мәні алынып, интонемалардың көтеріңкі-бәсең деңгейі анықталды (150Гц. – 89Гц.). *Үдемелік* амплитудасының параметрі ретінде – сөйлеу кезіндегі дауыстың күшеюі мен азаюына байланысты мәні алынды (40дб. – 3дб.). *Айтылу қарқыны* – сегмент ұзақтылығының буыны санына қатысы арқылы айқындалды (31мс – 7мс). *Кідірістің* сегментаралық көлемі интонограммалардан олардағы елтаңбалар санын 10 мс-қа көбейту арқылы анықталып, көлеміне қарай: ұзақ, орташа, қысқа болып бөлінді (120мс – 70мс-30мс). *Тоналды диапазон* – негізгі тон жиілігінің ең жоғарғы (max) және ең төменгі (min) мәндерінің қатысымы арқылы анықталады. Бұл жерде *НТЖ диапазоны* мен интервалының өзгерісін есептеуге арналған кесте (Артемов, 1956: 105-113) пайдаланылды. Онда дыбыс күшінің жарты тонға ұлғаю коэффициенті – $1,059^x$ және дыбыс күшінің өзгерісі шамасының x дәреже көрсеткіші көрсетіледі. Жартылай тон саны $1,059$ мәніне тең.

Зерттеу жұмысын эксперименттік тұрғыдан зерттеу үшін В.А. Артемовтың «Экспериментальная фонетика», «Метод структурно-функционального изучения речевой фонетики», А. Жүнісбектің «Сингармонизм в казахском языке», «Қазақ тілінің дауысты дыбыстары» (экспериментті-фонетикалық зерттеу), Ж. Аралбаевтың «Қазақ фонетикасы

бойынша этюдтер», З.М. Базарбаеваның «Қазақ тілінің интонациялық жүйесі» атты еңбектері басшылыққа алынды.

Жалпы тіл білімінде алғашқылардың бірі болып, эксперименттік фонетикалық зерттеу жайында сөз қозғаған ғалым – Бодуэн де Куртене (Бодуэн де Куртене, 1963: 42). Кейін шәкірті В.А. Богородицкий «Гласные без ударения в русском языке» деп аталатын магистрлік жұмысын эксперименттік фонетика тұрғысынан зерттейді де, Қазан қаласында 1883 жылы «Экспериментті-фонетикалық зертхана» ашады. В.А. Богородицкийді эксперименттік фонетиканың негізін салушы деп айтуға болады. Ол эксперименттік фонетикаға физикалық зерттеулерді енгізу қажет екенін, сол арқылы анатомия-физиологиялық сипаттама, сөйлеу дыбыстарын артикуляторлық тұрғыдан талдау, қабылдау мен түсіну ерекшеліктерін зерттеуге болатынын айтады. В.А. Богородицкийдің бір ерекшелігі, ол зертханада зерттеу жүргізу үшін экспериментті-фонетиканы зерттеу әдістерін тауып, тіпті сөйлеу кезіндегі үдемелік пен ұзақтылықты өлшеу үшін қолдан құрылғы ойлап табады. Сондай-ақ ғалым орыс тілінің интонациясын түркі тілдерімен және батыс еуропа тілдерімен салыстыра зерттейді (Богородицкий, 2011: 72).

В.А. Богородицкийден кейін Л.В. Щерба «Экспериментті-фонетика зертханасының» жұмысын жалғастырып, тіл мен сөйлеудің, фонетика мен фонологияның ара-жігін ажыратып береді (Щерба, 1958: 42). Содан кейін М.И. Матусевич Ленинград университетінің экспериментті фонетика зертханасында теориялық және тәжірибелік жағынан жалғастырады. Осы зертхананың көп жылдар бойы жұмыс істеп, дамуының арқасында 1937 жылы арнайы сөйлеу интонациясы мен екпінін 80-1700 гц жиілігі бойынша тексеретін электродинамикалық жазу құрылғысы пайда болды. Сөйтіп алғаш рет 1945 ж. әртүрлі тілдердің дауысты фонемаларына графикалық талдау жасайтын спектроскопиялық тәжірибе жасалды (Артемов, 1956: 27). Осы зерттеулер негізінде электракустикалық әдіс пайда болды. Электракустикалық әдіс – бұл әуеннің тербелісін, дауыс үдемелігінің күшін және сөйлеу кезіндегі ұзақтылық пен тоналды диапазон ерекшелігін көрсету үшін қолданылады. Сондай-ақ зерттеу жұмысында салыстырмалы және сипаттамалы әдіс те қолданылады. Салыстырмалы әдіс поэтикалық дискурста, яғни ақын өлеңдерінің просодикалық ерекшелігін анықтау үшін қолданылса, ал сипаттамалы әдіс оның ерекшелігін сипаттап көрсету үшін қолданылады. Сондай-ақ “Қазақ тілінің ұлттық корпусының” поэтикалық ішкорпус базасына ақын өлеңдерінің просодикалық ерекшелігі көрсетілген мәтіндер жинақталып, оның метаразметкасы беріледі. Мұндағы метаразметкада ақын туралы толық мәлімет беріліп, өлеңінің тақырыбы, стилі т.б туралы ақпарат беріледі.

Әдебиетке шолу

Қазіргі қазақ тіл білімінде «Қазақ тілінің ұлттық корпус» базасы алғаш рет профессор А. Жұбанов бастамасымен жүзеге асып, оның ішкорпустары жан-жақты толығып келеді. Осы орайда корпус базасына қазақ тілінің поэтикалық мәтіндерінің просодикалық ерекшелігін көрсететін «Поэтикалық ішкорпус» әзірлеу қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені қазақ ақындарының өлеңдерінің просодикалық ерекшелігін көрсету және оны көпшілікке таныту аса қажет. Осы орайда қай тілдерде поэтикалық ішкорпус бар және олар қалай жұмыс істеп жатыр дейтін болсақ, қазіргі таңда ағылшын, чех, орыс, башқұрт тілдерінің поэтикалық ішкорпусы жұмыс жасап тұр. Соның ішінде ағылшын поэтикалық ішкорпусы (Gutenberg English Poetry Corpus) 2 миллион сөзқолданыстан тұрады. Ал 2013 жылдан бастап жүзеге асқан башқұрт тілінің поэтикалық ішкорпусына алдында 101 ақынның 17 000 өлеңі енсе, соңғы көрсеткіш бойынша ол 1,8 млн. сөзқолданысқа көбейген. Онда XX-XXI ғасыр басындағы ақындардың өлеңдері енген. Барлық мәтін поэтикалық және морфологиялық белгіленімнен тұрады, яғни сөзді лингвистикалық әрі поэтика параметрлері бойынша іздеуге болады. Осы аталған ішкорпустар ішінде орыс тілінің ұлттық корпусының поэтикалық ішкорпусының мәтін базасы 13879558 сөзқолданыстан, 101521 мәтіннен тұрады. Бұл басқа ішкорпустармен салыстырғанда көлемі әрі белгіленімі жағынан ауқымды база болып есептеледі. Орыс тілінің ішкорпусында XVIII-XX ғасырлардағы орыс поэзиясының шығармалары қамтылған. Поэтикалық ішкорпусқа байланысты зерттеулер башқұрт және орыс тіл білімінде бар. Осы бағытта мақалалар мен еңбектер жарыққа

шыққан. Мысалы: Гришина Е.В., Корчагин К.М., Плунгян В.А., Сичинова Д.В. “Поэтический корпус в рамках НКРЯ: общая структура и перспективы использования // Национальный корпус русского языка: 2006-2008” (2009); Корчагин К.М. “Поэтический подкорпус Национального корпуса русского языка как акцентологический источник” (2008). т.б. Қазақ тіл білімінде поэтикалық ішкорпус «Қазақ тілінің ұлттық корпусының базасында» енді құрылып жатқандықтан, ол туралы зерттеулер аз. Поэтика, яғни өлең құрылысы жайындағы зерттеулер А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ал академик З. Ахметовтің «Өлең сөздің теориясы» атты еңбегінде өлеңнің ерекшелігі жан-жақты зерттелген болса (Ахметов, 1973: 32), академик З.М. Базарбаеваның «Қазақ тілі: интоналогия, фонология» атты еңбегінде поэтикалық мәтіндердің ерекшелігі мен ондағы буын және бунақ мәселелері қарастырылып, оның просодикалық ерекшелігі талданып берілді.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі техника мен технологияның дамуы барысында поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшелігін анықтап, оны поэтикалық ішкорпусқа енгізу мәселесі қажеттіліктен туындап отыр. Ең алдымен поэтикалық дискурсқа енген ақындардың просодикалық ерекшелігін анықтау қажет. Жалпы поэтикада өлең шумақтан, шумақ тармақтан, ал тармақ бунаққа бөлініп, әрі қарай буынмен өлшенетіндігі белгілі. Осы орайда А. Байтұрсынұлы өлең құрылысына аса мән беріп, қазақ поэзиясындағы ырғақты топтарды бунақ деп айтып, әрбір өлеңнің жолын тармақ дейді де, ондағы ырғақ, интонациялық ерекшеліктері сөз болады. Сол туралы: «Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы» – дейді. Ал өлеңнің интонациялық ерекшелігі туралы: «Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайырылып ашып береді» – дейді (Байтұрсынұлы, 1989: 62).

Қазақ тіл білімінде қазақ өлеңінің құрылысын жан-жақты зерттеген ғалым – З. Ахметов. Ол: «Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын, яғни ырғақ буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясынан басқа барлық түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түркімен, әзірбайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде де қолданылады» – деп қазақ өлеңінің ерекшелігін көрсетеді. З. Ахметовтің пікіріне сүйенер болсақ, ғалым бунақтарды бөліп тұратын сөз жігінде әрдайым кідіріс бола бермейтінін, алайда тақпақ ырғағының, тонының кенет өзгеруі байқалатынын, ал сөз жігіне кідіріс тура келсе, онда ол жік айрықша бедерленіп, белгіленіп отыратынын айтады (Ахметов, 1973: 55).

Жалпы қазақ поэзиясындағы ақындар өлеңдеріне келер болсақ, әр ақынның өзіндік стилі бар. Әр ақынның өлең шумақтары, буын саны да әртүрлі. Осы орайда поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшелігін анықтау мақсатында Қ. Аманжолов пен М. Шахановтың өлеңдері алынып, поэтикалық ішкорпус базасына енгізіліп отыр. Зерттеу жұмысында танымал ақын М. Шахановтың «Ғашықтық ғалыматы», «Нарынқұм зауалы», «Сейхундария», «Танакөз», «Жаңғырық» атты поэмалары просодикалық тұрғыдан талданды. М. Шаханов поэмаларын просодикалық тұрғыдан талдау барысында, өлеңнің әуені мен үдемелігі, қарқыны, кідіріс сияқты компоненттері эксперимент арқылы зерттелді.

Зерттеуге ақын М. Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты» өлеңі мен «Сейхундария» атты поэмасы алынды (Шаханов, 44). «Ғашықтық ғаламаты» өлеңінің тақырыбы махаббат жайында, 15, 7-8, 4, 11 буынды, 4, 3, 2 бунақты, осы күнгі ерікті ұйқастар (а б а б в г д) түрінде көрініс тапқан. М. Шаханов өлеңдерінің басқа қазақ ақындарынан ерекшелігі, буын, бунақ, шумақ саны біркелкі болмайды. Ұйқасы сол өлеңнің әр тармағына қарай икемделіп, жымдасып, интонациялық жағынан үйлесіп тұрады. Поэтикалық ішкорпус базасына ақын өлеңі толық енгізіліп, просодикалық белгілері қойылды. Ал мақалаға ақын өлеңінің просодикалық ерекшелігін көрсету мақсатында тек үзіндісі ғана беріліп отыр (Шаханов, 2012: 48).

Ғашықтық ғаламаты

<қартаң әйел / жұмұсұма / іздеп келіп / жылады>↑ //

>жалғыз ~ ғызым / бар ^йед'айнам <↑ //

<тірлігімнің шынары> ↓ ///

^йеркелеттім↑ //

<^уөм^урүмді / желкен ^йеттім / жол^уна>↓ ///

>тек^с сол гүлдөп / толуссун деп<↑ //
 >тек^с сол гійсін / сол ішсін деп<↑ //
 <^йештенені / айағам жоқ / бәрім бердім / қол^уна>↓ ///
 <кызым сүлүү / бой түзөдү / ой түзөдү / жайдары<↑ //
 >ой түзөдү / көжжауун ап / кызғалдақтай / майдағы<↑ //
 <алды болду / құрбұсұнын / бірг'өскөн>↓ ///
 <үмүтүме / бақ пен ғайғы / қалай ғатар / мінгескен>↓ ///
 >бекер<↑ //
 >бекер / жіберішпін еркіне <↑ //
 >^йерте түсүп / қалдау- / сірә / албырт сезім өртүне>↓ ///
бақытты едім<↑ //
 >бақытты едім / мең ғандай<↑ //
 <қашан ғызым / жолуққанша / ғашықтықтың дертіне>↓ ///

Әуені мен үдемелігі. Өлеңнің басында, бірінші және екінші синтагмада әуені мен үдемелігі баяу басталып, үшінші және төртінші синтагмада көтеріңкі айтылады. Екінші және үшінші тармақта көтеріңкі-бәсең тоналды диапазонмен айтылады. Төртінші және бесінші тармақта әуені көтеріңкі-төмен болып, алтыншы және жетінші тармақта көтеріңкі әуенмен айтылады да, сегізінші тармақта бәсеңдей түседі. Яғни мұндай әуеннің бірде көтеріліп, бірде бәсеңдеуі өлеңнің ішкі мазмұнындағы ерекшелікті көрсетіп, тиянақсыз және тиянақты интонамамен айтылады. Ал тоғызыншы және оныншы тармақта көтеріңкі интонамамен, үдемеліктің күшеюі байқалса, он бір мен он екінші тармақта тиянақсыз интонамамен айтылады. Онан кейінгі тармақтарда да әуені мен үдемелік көрсеткіші бірде көтеріңкі, бірде бәсеңдей түскендігі байқалады. Яғни мұнда ақын әуені мен үдемелігін құбылту арқылы, ішкі астарлы ой мен сезімді жеткізуді көздегендігі байқалады. Мұндағы М. Шахановтың әрбір өлең иірімдері бір-біріне үйлесіп, сөздің мағынасына, ұйқасына қарай жымдасып, әуені мен үдемелігі ерекшеленіп, құбылып, ананың қызына деген ерекше ішкі сезімі терең толғаныспен беріліп тұр. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Қарқыны. Бірінші тармақтан бастап қарқынның баяу айтылып, онан кейін бірқалыпты айтылуы сол өлең тармақтарының маңызды екенін байқатады. Ал екінші тармақ соңында жылдам айтылады. Үшінші тармақ орташа қарқынмен айтылып, төртінші тармақта баяулағандық байқалады. Өйткені бір сөзден тұратын бір тармақ, ерекшелеу мақсатында екендігі көрінеді. Онан кейін бесінші-тоғызыншы тармақтарда біресе баяулап, біресе жылдам айту байқалады. Өйткені мұнда өлеңнің ішкі мазмұны мен сол өлеңге тән ырғақ басты рөл атқарады. Жалпы өлеңнің өн бойында қарқынның бірден күшейіп, бірден бәсеңдеп кетуі байқалады. Бұл ақынның өлеңнің ішкі мазмұнындағы ерекше толғанысты көрсетудегі ерекше әдісі деуімізге болады.

Кідіріс. Ақын өлеңінде әр синтагмадан кейін кідіріс көрініс тапқан. Өйткені әр синтагма өзіндік мағынаға ие болып, сол өлеңнің ерекшелігін көрсетуге бағытталады. Ал әрбір синтагмадан кейінгі кідіріс физиологиялық және логикалық кідіріс ретінде көрініс тапқан. Кідірістің өлеңге тән тармақ, бунақ пен ұйқасты ұйыстырып отыруда да өзіндік орны бар.

Ал М. Шахановтың «Сейхундария» поэмасы көптармақты, 3 бунақты, 11 буынды, қара өлең ұйқасына құрылған. Бұл поэмада ақынның туған жерге деген махаббаты тақырыбы қозғалған (Шаханов, 2012: 45).

<сен / кыз ^йедің / →ұйқұлұны / қозғалтқан↑ > //
 <дүйүм ^йелдің / →махаббатын / маздатқан↓ > ///
 <жән'өзүң де / →сол сезімге / шөлдөгөн↑ //
 <бірақ ^уоған / жол бермеген / көлдөнөң↓ > ///
 >^йесең ғайтып / →көрмөгөн ↓ ^йеш / пендеден↑ < //
құралайды / →көзг'ататын / мерген ең↓ > ///
 >тек ^уорамал / →тартқандығың / болмаса↑ < //
 <сөйтүп салмақ / →артқандығың / болмаса↑ > //
 <гүлге табын / →нәзіктігің болмаса↑ > //

>анаға тән / → жазықтығын ~ болмаса ↓ > ///
 <содам б'әлде / → көрүңгөнің / керім боп ↑ < //
 <^йерден төмөн / → жерің жоқ ↓ / > //
 <^йер деушү ~ едім → / айнам / неге ^уөзгөрдүң ↑ < //
 > айнам неге / → көжжас^нна / сөз ~ бердің ↓ > ///

Әуені мен үдемелігі. Бұл өлеңнің бірінші және үшінші тармағында әуені бірқалыпты болып, дауыс үдемелігі күшейіп барып әлсірейді. Ал төртінші, бесінші тармақта әуені тиянақты интонамамен аяқталып, алтыншы тармақ көтеріңкі әуенмен басталып, соңында бәсең айтылады. Жетінші-тоғызыншы тармақтарда бірқалыпты әуенмен айтылып, әр тармақ соңында көтеріңкі айтылады да үдемелігі бәсеңдеп-күшейіп отырады. Оныншы, он төртінші тармақтардың аралығында әуені бірде көтеріңкі, бірде бәсең айтылып, үдемелігі бірде күшейіп, бірде бәсеңдейді. Мұнда ақынның ерекше сезімі просодикалық жағынан ерекшеленіп тұрады. Яғни әр тармақтың ұйқасқа құрылуы, әуеннің көтеріліп-бәсеңдеп тұруы қазақ поэзиясына тән құбылыс.

Қарқыны. Қарқын көрсеткіші жалпы өлеңнің бірінші тармағында бірқалыпты және баяу айтылып, екінші және үшінші тармақта жылдамдай түскені байқалады. Бірқалыпты қарқынмен айтылған төртінші тармақ ақын сезімінің ерекше тұстарын көрсетсе, ал бесінші тармақта жылдамдау байқалады. Онан кейінгі алтыншы тармақтан бастап, соңына дейін қарқынның баяу және бірқалыпты айтылуы ақынның ерекше толғанысын білдіріп, ерекшелеу мақсатында екендігі көрінеді.

Кідіріс. Бұл өлеңнің әрбір синтагма аралығында физиологиялық және логикалық кідірістердің жасалғаны байқалады. Өйткені автор әрбір өлең тармақтарының бунақ арасына кідіріс жасау арқылы ерекше толғанысын, туған жеріне деген сағынышын білдірткен. Әсіресе өлең тармақтары арасындағы бунақтың просодикалық жағынан синтагмаға сәйкес келуі және кідірістің жасалуы бұл өлеңнің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Сонымен қатар просодикалық талдауға ақын Қасым Аманжоловтың «Туған жер» атты патриоттық өлеңі алынды (Аманжолов, 1985: 12). Бұл өлең 3 бунақты, 11 буынды, көп тармақты, қара өлең (а а б а) ұйқасымен берілген. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Ұйқасы сол қара өлең болып өріліп отырады, интонациялық жағынан үйлесіп тұрады.

Туған жер

<шықшы тауға / қарашы / кең далаңа < ↑ //
 <мәз ~боласың / ұқсайсың / жас ~палаға < ↑ //
 <^уол шеті мен / бұл шет^іне / жүгүрсөң < ↑ //
 <шаршайсың ба / құмарың бір / қана ма < ↑ //
 <^уа дарыйға / алтым бесік / тұған жер < ↑ //
 <қад^нрыңды / келсем білмей / кеше гөр < ↑ //
 <жат^налмас ^йем / топ^урағыңда / теб^ірембей ↑ //
 <ақым болмай / тасың болсам / мен ^йегер > ↓ // //
 <неткем байтақ / неткен ұлұ / жер ^йедің < ↑ //
 <нендей гүйгө / жүрөгүмді / бөлөдүң < ↑ //
 <сенде тұдүм / сенде ^уөстүм мен / сенде ^уөлсөм < ↑ //
 <арманым жоқ / бұл дүнүйөдө / дер ^йедім > ↓ //
 <мен де ^уөзүңдөй / байтақ ^йедім / кең ^йедім > ↓ //
 <қызығыңды / көрүп ^йеркін / келемін > ↓ //
 <сен д'айамай / бердің маған / барыңды < ↑ //
 <мен д'айамай / барым саған / беремін > ↓ // //
 <болдүм ғашық / тұған дала / мен саған < ↑ //
 <алыш ~шүрсөм / арманым сен / аңсаған > ↓ //
 >жақын жүрсөм / мен төрүндө / ^нрахаттың < ↑ //
 <алтын діңгек / ^уөзүм тұған / босағам > ↓ // //

Әуені мен үдемелігі. Өлеңнің интонациясы барлық синтагмада жоғарғы әуенмен, өте

жоғары диапазонмен бір деммен көтеріңкі үдемелікпен айтылады. Бұл ақынның аяқталған ойын, тиянақты интонеманы, ерекше үдемелікті білдіреді. Әр синтагмада үдемелік күшейіп, бірте-бірте жоғарылап отырады. Яғни ақын үдемелікті күшейтіп, өлеңдегі ой мен сезімінің маңыздылығын арттырады. Мұнда Қ. Аманжолов адамның туған жеріне деген ерекше ыстық сезімін, терең толғанысын көрсетіп тұр.

Қарқыны. Бірінші тармақтан бастап, соңғы тармаққа дейін қарқыны бірде жылдамдап, бірде баяу айтылады. Бұл өлеңдегі әр тармақ ерекше мазмұн мен мағынаға ие дегенді көрсетеді. Әр ырғақ басты рөл атқарып, адамға патриоттық сезім ұялатады. Жалпы өлеңнің өн бойында қарқын басты рөл атқарып тұр. Бұл ақынның ерекше толғанысы мен өлеңнің әрбір тармағының маңыздылығын көрсетеді.

Кідіріс. Аталған ақын өлеңінде кідіріс әр бунақтан кейін анық көрініп тұр. Өйткені әр бунақтың өзіндік мағынасы бар және ол сол өлеңнің өзіндік ерекшелігін айқындап тұр. Әрбір бунақтан кейін физиологиялық немесе логикалық кідіріс жасалады. Бұл өлең жолдарында бірінші бунақтан кейін логикалық кідіріс жасалса, екіншісінде физиологиялық кідіріс жасалған. Ал үшінші кідіріс әдеттегідей аяқталған тиянақты ойды білдіріп, әр тармақтың соңында логикалық кідіріс жасалады.

«Қазақ тілінің ұлттық корпус» базасындағы «Поэтикалық ішкорпусқа» әрбір шығарманың мәтіндік деректері жайында мағлұмат беретін метабелгіленім де жасалып, енгізілді. Осы орайда әрбір өлеңнің метабелгіленімі төмендегідей үлгіде берілді.

1-кесте – Қасым Аманжоловтың «Туған жер» өлеңінің метабелгіленімі

Авторы	Қасым Аманжолов
Жынысы	ер
Туған жылы	1911
Туған жері	Қарқаралы
Оқыған	Шалқар Үркінбаев
Мәтін аты	Туған жер
Мәтіннің алғашқы жарияланымы	1946
Мәтін дереккөзі	Өлеңдер: поэзия. - Алматы : Мектеп, 1985. - 159 б.
Мәтін жанры	өлең
Мәтін формасы	жазбаша ауызша
Жазба мәтін графикасы	кирил жазуы
Стилі	көркем әдебиет
Мәтін тақырыбы	туған жер
Таралым типі	кітап
Шумақ саны	1 шумақты
Тармақ саны	20 тармақты
Бунақ саны	3 бунақты
Буын саны	11 буынды
Ұйқас түрі	қара өлең ұйқасы (а а б а)
Аудитория жасы	бастауыш мектеп жасы (6-10 жас) жасөспірімдік кезең (11-18 жас)
Субкорпус	поэтикалық мәтіндер
Сөзқолданыс саны	117
Мәтін көзі	интернет-ресурс
Белгілеуші	Н.Оспанғазиева
Корпусқа енгізген уақыты	01.11.2023ж.

Ал просодикалық ерекшелігі төмендегідей үлгіде талданды.

2-кесте – Қасым Аманжоловтың «Туған жер» (1946 ж.) өлеңінің орфоэпиясы мен просодикасы

Орфография	Орфоэпиясы мен просодикасы
Шықшы тауға, қарашы кең далаңа: Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға, Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең, Шаршайсың ба, құмарың, бір қана ма? Уа, дариға – алтын бесік туған жер, Қадырыңды келсем білмей, кеше гөр! Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей, Ақын болмай, тасың болсам мен егер. Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің! Неңдей күйге жүрегімді бөледің? Сен де тудым, сен де өстім мен, сен де өлсем, Арманым жоқ бұл дүниеде, – дер едім; Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім; Қызығыңды көріп еркін келемін, Сен де аямай бердің маған барыңды, Мен де аямай барым саған беремін. Болдым ғашық, туған дала, мен саған, Алыс жүрсем, арманым – сен, аңсаған; Жақын жүрсем, мен – төрінде рахаттың, Алтын дінгек – өзім туған босағам!	шықшы тауға / қарашы / кең далаңа↓// мәз ~ боласың / ұқсайсың / жас ~палаға↑// ^ол шеті мен / бұл шетіне / жүгірсөң↑// шаршайсың ба / құмарың бір / қана ма↑// ^уа дарыйға / алтым бесік / тұуған жер↑// қад^рыңды / келсем білмей / кеше гөр↑// жат'алмас ^ем / топ^рағыңда / теб^рембей↑// ақым болмай / тасың болсам / мен ^егер↓// неткем байтақ / неткен ұлұ / жер ^едің↑// неңдей гүйгө / жүрөгүмді / бөлөдүң↑// сен де түүдүм / сен де ^өстүм мен / сен де ^өлсөм↑// арманым жоқ / бұл дүнүйөдө / дер ^едім↓// мен де ^өзүңдөй / байтақ ^едім / кең ^едім↓// қызығыңды / көрүп ^еркін / келемін↑// сен д'аймай / бердің маған / барыңды↑// мен д'аймай / барым саған / беремін↓// болдүм ғашық / тұуған дала / мен саған↑// алыш ~шүрсөм / арманым сен / аңсаған↓// жақын жүрсөм / мен төрүндө / ^рахаттың↑// алтын дінгек / ^өзүм тұуған / босағам↑//

Қорытынды

Қазіргі қазақ тіл білімінде «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» қазақ поэтикалық мәтіндерін ішкорпус базасына енгізе отырып, оны қазіргі заманауи технология көмегімен автоматтандыру қажет. Осы орайда мақалада поэтикалық ішкорпус базасына енген ақындар М. Шаханов пен Қ. Аманжолов өлеңдеріне просодикалық талдау жасалды. Сондай-ақ әр ақынның өлеңдерінің құрылысы, яғни буын және бунақ санының ерекшелігі көрсетілді. Просодикалық ерекшелігін көрсететін интонация компоненттері әуені мен дауыс үдемелігі, қарқыны, кідірісі жеке-жеке талданды. Талдау барысында М. Шахановтың поэзиясы басқа ақындарға қарағанда ерекше екендігі байқалды. Өйткені М. Шахановтың өлеңдерін талдау барысында классикалық тоғыз немесе он бір буыннан тұратын өлеңдермен қатар, бунақ саны мен буын саны әртүрлі боп келетін, алайда өлеңдерінің ұйқасы жұп-жұмыр, мағынасы жағынан үлкен ойға жетелейтін, өзіндік астарлы ой мен ерекше бір серпіліс беретін, оқыған адамды ойлантпай қоймайтын бір әсер бар екені байқалады. Әр өлеңінің ұйқасына қарайтын болсақ, көбінесе ерікті ұйқас түрінде берілген. М. Шахановтың өлеңдері негізінен екпіндетіп оқылады. Сол себептен ақын өлеңінде қарқындылық басым, яғни бірде жылдам айтылса, бірде бірқалыпты болып, ал кей жерінде баяулағандық байқалады. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Айталық, ақынның «Ғашықтық ғаламаты» мен «Сейхундария» атты өлеңін салыстырар болсақ, «Сейхундария» өлеңнің басынан соңына дейін әуені бірде көтеріңкі, бірде бәсең айтылатын болса, ал «Ғашықтық ғаламаты» өлеңінде екі тармақта да көтеріңкі әуенмен айтылып, үшінші тармақта бәсеңдеу байқалады. Үдемелігі де әуенмен қатар жүріп, біресе күшейіп, біресе әлсірейді. Ақын өлеңінің ерекшелігі негізгі ой екі тармақ, не бір шумақта ғана айтылмайды. Тұтас бес-алты немесе жеті-сегіз жолдан тұрып ой аяқталуы мүмкін. Ой аяқталған жерде ұзақ кідіріс жасалып, тиянақты әрі тиянақсыз интонемалардың көрсеткіші құбылып, ақын өлеңінің ерекшелігін көрсетеді. Әдетте әуеннің көтеріліп-бәсеңдеп тұруы қазақ поэзиясына тән құбылыс. Алайда М. Шаханов өлеңдерінде әуеннің көтеріліп-бәсеңдеуі кезектесіп келмейді, өлеңнің мазмұндық ерекшелігіне қарай әртүрлі позицияда қолданылады. Ақын өлеңінде тармақ, шумақ сандары, ұйқастары әртүрлі боп келгенімен, өлеңде үлкен бір тақырып қозғалып, оқырманын ойландырып қоятындай әсер береді. Яғни ақынның өзіне тән идеясы бар. Осы жағынан келгенде

поэтикалық ішкорпус базасы ақын өлеңдерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі поэтикалық ішкорпуста метабелгіленімі мен просодикалық белгіленімі ғылыми ақпаратқа сәйкес жасалды. Осы орайда мақалада поэтикалық мәтіннің мазмұны толық ашылды.

Ал Қасым Аманжолов өлеңдерінің көбі қара өлең (а а б а) ұйқасына құрылған. Әрбір тармағы үш бунақтан тұрады. Әрбір тармағында әуені бірде көтеріңкі, бірде бәсең болып, қазақ поэзиясының классикалық үлгісіне сәйкес келеді. Әр шумақта тиянақты ой аяқталып отырады. Қазақ поэзиясында Қасым Аманжоловтың өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі аса жоғары бағаланған. Әрбір өлеңін оқу кезінде, бірде қарқыны бәсеңдеп, бірде көтеріліп отырады. Дауыс үдемелігі де жоғарды дауыс диапазонымен оқылады. Бұның бірден-бір себебі Қасым Аманжолов лирикасы отанды қорғауға, елді, жерді, табиғатты, аналарды, балаларды қорғауға бағытталатын патриоттық өлеңдер. Бұл ақын өлеңінің басқа ақындардан ерекшелігін көрсетеді.

Мақала ЖТН:BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Аманжолов Қ. (1985) Өлеңдер: поэзия. – Алматы: Мектеп, 1985. – 159 б.
- Артемов В.А. (1956) Экспериментальная фонетика. Издательство литературы на иностранных языках. – Москва, 1956. – 227 с.
- Ахметов З. (1973) Өлең сөздің теориясы – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
- Базарбаева З. (2008) Қазақ тілі: Интонология, фонология. – Алматы, 2008. – 326 б.
- Байтұрсынұлы А. (1989) Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
- Богородицкий В.А. (2011) Гласные без ударения в общерусском языке. – Москва, 2011. – 156 с.
- Бодуэн де Куртенэ И.А. (1963) Избранные труды по общему языкознанию. – Том 2. Издательство академии наук СССР. – Москва, 1963. – 391 с.
- Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З (2013) Әдебиет теориясы (1960-1970 жж). – Алматы, 2013. – 412 б.
- Казарин Ю.В. (2004) Филологический анализ поэтического текста. – Москва, 2004. – 432 с.
- Локиев А. (2011) Психоллингвистика поэтики. – Санкт-Петербург, 2011. – 53 б.
- Орехов Б. В. (2019) Башкирский стих XX века // Корпусное исследование. – СПб: Алетей, 2019. - 344 с.
- Смағұлова Г.Н. (2007) Көркем мәтін лингвистикасы – Алматы, 2007. – 152 б.
- Шаханов М. (2012) Ғашықтық ғаламаты (өлеңдер, балладалар, поэмалар). – Алматы: Өнер, 2012. – 474 б.
- Шаханов М. (2012) Дастандар және осызамандық эссе-поэмалар // 2-том. – Алматы, 2012 ж. – 574 б.
- Щерба Л.В. (1958) Избранные работы по языкознанию и фонетике. – Т. I. – Ленинград, 1963. – 384 с.

References

- Amanzholov Q. (1985) Olengder: poezija. – Almaty: Mektep, 1985. – 159 b. [Amanzholov Q. (1985) Poems: poetry. – Almaty: Mektep, 1985. – 159 p.] (in Kazakh)
- Artemov V.A. (1956) Jeksperimental'naja fonetika. Izdatel'stvo literatury na inostrannyh jazykah. – Moskva, 1956. – 227 s. [Artemov V.A. (1956) Experimental phonetics. Publishing house of literature in foreign languages. – Moscow, 1956. – 227 p.] (in Russian)
- Ahmetov Z. (1973) Oleng sozding teorijasy – Almaty: Mektep, 1973. – 212 b. [Akhmetov Z. (1973) Theory of poetry. – Almaty: Mektep, 1973. – 212 p.] (in Kazakh)
- Bazarbayeva Z. (2008) Qazaq tili: Intonologija, fonologija. – Almaty, 2008. – 326 b. [Bazarbayeva Z. (2008) Kazakh language: Intonology, phonology. – Almaty, 2008. – 326 p.] (in Kazakh)
- Baitursynuly A. (1989) Shygarmalary: olengder, audarmalar, zertteuler. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 318 b. [Baitursynuly A. (1989) Works: poems, translations, research. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 318 p.] (in Kazakh)
- Bogorodickij V.A. (2011) Glasnye bez udarenija v obshcherusskom jazyke. – Moskva: Nobel Press, 2011. – 156 s. [Bogoroditskiy V.A. (2011) Vowels without stress in the all-Russian language. – Moskva: Nobel Press, 2011. – 156 p.] (in Russian)
- Boduen de Kurtene I.A. (1963) Izbrannye trudy po obshchemu jazykoznaniju. Tom 2. – Moskva: Izdatel'stvo akademii nauk SSSR, 1963. – 391 s. [Boduen de Kurtene I.A. (1963) Selected works on general linguistics. – Volume 2. – Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 1963. – 391 p.] (in Russian)
- Zhumaliev Q., Qabdolov Z., Ahmetov Z. (2013) Adebiet teorijasy (1960-1970 zh). – Almaty, 2013. – 412 b. [Zhumaliyev Q., Qabdolov Z., Akhmetov Z. (2013) Theory of literature (1960-1970) – Almaty, 2013. – 412 p.] (in Kazakh)
- Kazarin Ju.V. (2004) Filologicheskij analiz poeticheskogo teksta. – Moskva, 2004. – 432 b. [Kazarin Yu.V. (2004) Philological analysis of the poetic text. – Moscow, 2004. – 432 p.] (in Russian)
- Lokiev A. (2011) Psiholingvistika poetiki. – Sankt-Peterburg, 2011. – 53 b. [Lokiyev A. (2011) Psycholinguistics of

poetics. – St. Petersburg, 2011. – 53 p.] (in Russian)

Orehov B. V. (2019) Bashkirskij stih XX veka. – Korpusnoe issledovanie. – SPb: Aletej, 2019. – 344 s. [Orehov B. V. (2019) Bashkir verse of the XX century. – Corpus research. – St. Petersburg: Alethei, 2019. – 344 p.] (in Russian)

Smagulova G.N. (2002) Matin lingvistikasy – Almaty, Qazaq universiteti, 2002. – 112 b. [Smagulova G. N. (2007) Linguistics of the literary text. – Almaty, 2007. – 152 p.] (in Kazakh)

Shahanov M. (2012) Gashyqyq galamaty (olengder, balladalar, poemalar). – Almaty: Oner, 2012. – 474 b. [Shakhanov M. (2012) The universe of love (poems, ballads, poems). – Almaty: Oner, 2012. – 474 p.] (in Kazakh)

Shahanov M. (2012) Dastandar zhane osyzamandyq esse-poemalar. – 2-tom. – Almaty, 2012. – 574 b. [Shakhanov M. (2012) Epics and poems of the profession. – Vol. 2. – Almaty, 2012. – 574 p.] (in Kazakh)

Shherba L.V. (1958) Izbrannye raboty po jazykoznaniju i fonetike. – T. I. – Leningrad, 1958. – 384 s. [Shcherba L.V. (1958) Selected works on linguistics and phonetics, – T. I. – Leningrad, 1963. – 384 p.] (in Russian)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 18.04.2024